Бекітемін
«Павлодар дарыны» БУҚБДДО
КМҚК басшы
_____ А.Л.Мухаметжанова
«_____»_____2022 ж.

«Жас айтыскер» мектебі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже статусты анықтайды, «Жас айтыскер» Мектебінің мақсаты мен міндеті және оның қызмет тәртібі.

1.2. «Жас айтыскер» мектебі (әрі қарай Мектеп) Павлодар қаласы білім беру бөлімі «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығына қызмет етеді.

2.Мақсаты:

2.1. Қатысушылардың шығармашылық әлеуетін жандандыру, оқушылардың әдеби сауаттылығын, көркем оқу дағдыларын дамыту арқылы өз ойын білдіруге жағдай жасау.

2.2. Оқушылардың орындаушылық өнерге қызығушылығын арттыру, дарынды балаларды іздеу және қолдау.

2.3. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.

3.Міндеті:

3.1.Халықтық қазақ орындаушылық өнерінің мұрасымен, музыкалық мәдениетімен, халықтық дәстүрлерімен танысу.

3.2.Оқушылардың музыкалық есту қабілетін дамыту.

3.3. Дыбысталатын сөз дәстүрін жаңғырту; оқуға деген қызығушылықты ояту; көркемдік талғамға тәрбиелеу.

3.4. Аудитория алдында сөйлеу дағдыларын дамыту.

4. Мектепке қатысушылар

4.1.«Жас айтыскер» мектебі құрамына қала мектептерінің 5-11 сынып оқушылары кіре алады.

4.2. Мектеп оқушыларының құрамы рейтингтік бағасының нәтижесімен сәйкес жыл бойы өзгеруі мүмкін.

5.Мектепті ұйымдастырушылар

5.1. Мектеп ұйымдастырушылары: Павлодар қаласы білім беру бөлімі «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» (әрі қарай – «Павлодар дарыны» БУҚБДДО КМҚК).

6. Өткізу шарттары және тәртібі

6.1. «Жас айтыскер» мектебі бойынша ұстаз-жаттықтырушылардың ұстаздық құрамы Павлодар қаласының үздік жырау, жыршы, шешен ақындардан анықталады.

6.2. «Жасайтыскер» мектебінің сабағы оқу-жаттықтыру жиыны формасында өткізіледі.

6.3. «Жас айтыскер» мектебінің сабағы бекітілген оқу кестесі бойынша өтеді, № 35 ЖОМ КММ.

6.4. «Жасайтыскер» мектебініндайындық бағдарламасы оқыту жаттықтырумен дайындалады және «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде келісіледі.

7. Өткізілу мерзімі мен орны

Оқу-жаттықтыру жиынын өткізуге аптасына 1сағат, жылына 34 сағат бөлінеді.